

**1994 жылғы 9 тамыздағы Литва Республикасы мен Қазақстан  
Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық  
істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы  
шартқа өзгеріс енгізу туралы  
ХАТТАМА**

Литва Республикасы мен Қазақстан Республикасы (бұдан әрі «Уағдаласушы Тараптар» деп аталатын)

1994 жылғы 9 тамыздағы Литва Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шарттың 79-бабына сәйкес, 1997 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Литва Республикасы мен Қазақстан Республикасының арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы шартқа Хаттаманы (бұдан әрі – Шарт) ескере отырып,

Шартқа мынадай өзгеріс енгізуге келісті:

**1-бап**

Шарттың 4-бабы мынадай редакцияда жазылсын:

**«4-бап**

**Байланысу тәртібі**

Құқықтық көмек көрсету кезінде Уағдаласушы Тараптардың мекемелері бірі-бірімен орталық органдары арқылы байланысады. Уағдаласушы Тараптар тағайындалған орталық органдары, олардың функциялары мен байланыс деректері туралы бірі-біріне дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.».

**2-бап**

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Шарттың қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде қолданысын тоқтатады.

202\_ жылғы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ әрқайсысы литва және қазақ тілдерінде екі данада жасалды, әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Әрбір Уағдаласушы Тарапта осы Хаттаманың данасымен бірге мәтіннің орыс тіліндегі ресми аудармасы қалады. Осы Хаттама мәтінінің мазмұны бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайларда, Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

**Литва Республикасы үшін**

**Қазақстан Республикасы үшін**